зависимость педагогов от профессионализма методистов и других специалистов этой области; проблема сознательности и мотивации учителей на ПК; низкая дифференциация продолжительности обучения; неравенство доступа педагогов к программам ПК (по странам, в сельской и городской местности, в плане особенностей оплаты таких предложений и т. д.).

Изучение опыта повышения квалификации за рубежом, по нашему мнению, представляет интерес для казахстанского образования, особенно в следующих направлениях: профессиональное развитие педагогов на базе школ в соответствии с их интересами и программой развития самого учебного учреждения; активное взаимодействие школ с вузами и другими учреждениями повышения квалификации, поддержка педагогов специалистами вузов, органами власти, представителями общественности; разнообразие форм ПК; применение дистанционного обучения как альтернативной, но очень распространенной формы подготовки и переподготовки педагогов.

Модернизация системы повышения квалификации в Республике Казахстан с учетом международного опыта требует организации новых структур, занимающихся СПК - Центров подтверждения квалификации (Центр ПК), которые основной целью ставят создание условий для развития и саморазвития педагога, разработки индивидуальных траекторий самосовершенствования на основе мониторинга и диагностики профессиональной компетентности и личной сферы.

Концепция профессионального развития личности, предложенная Центром подтверждения квалификации при ВКГУ им. С. Аманжолова, предусматривает индивидуализированный характер обучения, учет возможностей каждого конкретного человека и содействие его самореализации и развитию.

Основная миссия Центра подтверждения квалификации - повышение престижа профессии педагога, обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим

образовательным ресурсам и технологиям; достижение высокого уровня качества образования, удовлетворяющего потребности рынка труда.

В структуру Центра подтверждения квалификации входят 5 лабораторий: психофизиологическая, IT-learning, Тест-центр «Damu», научно-исследовательская лаборатория PR-технологий и консалтинга, полилингвальная лаборатория, Акмеологическая лаборатория Реном-технологий, в составе которой 8 обучающих секторов.


В Тест-центре «Damu» проводится входная диагностика – определяется уровень сформированности профессиональных компетенций.

Необходимость проведения диагностики отмечают зарубежные и отечественные исследователи. При этом в каждой системе ПК используется различный инструментарий, позволяющий собрать информацию о потребностях, запросах, профессиональных затруднениях педагогов.

Требование времени – проведение диагностических процедур на основе разработки тестов новой конструкции, построенных на технологиях развития профессионального мышления. Знание основ педагогической квалиметрии, тестологии дает основание построения развивающих тестов и их использования в целях глубокого изучения профессиональных компетенций педагога на всех этапах повышения квалификации.

Для педагогов, прошедших диагностическую процедуру, даются практические рекомендации, обозначается траектория развития личности и создаются условия для коррекционного обучения в лабораториях и секторах Центра.

Одним из направлений деятельности: психофизиологической лаборатории - определение ресурсных зон педагогов, их потенциал личностного и профессионального развития; - подготовка специалиста в области информационных технологий с использованием современных электронных методов обучения в информационно-образовательной среде; секторов **Акмеологической лаборатории Реном-технологий** - системное решение всего



комплекса выявленных проблем, связанных с профессиональными компетенциями и личностным развитием.

Таким образом, опыт зарубежных стран, адаптированный с учетом условий вуза, позволяет создать научно обоснованную систему повышения квалификации, внедрить современные технологии, направленные на повышение качества подготовки педагогических кадров.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Böhmer M. Zentrale und dezentrale Lehrer-fortbildung: Entwicklung, Strukturen und Innovationen. – Weinheim und Basel : Beltz, 1983.

2. Беланже П. Образование взрослых в промышленно развитых странах // Перспективы. Вопросы образования. ЮНЕСКО. – 1992. – № 4. – С.13–23.

3. Гаргай В. Б. Развитие системы

повышения квалификации учителей в Великобритании (конец XIX – конец XX вв.): Дисс. ... д.пед.н. – Новосибирск, 2006.

4. Орлова О. Н. Становление и развитие системы повышения квалификации учителей религии в Германии (на примере федеральной земли Северный Рейн-Вестфалия): Дисс. ... к.п.н. – Курск, 2007.

5. Цырлина Т. В. Американский учитель: особенности функционирования - М.: Центр «Педагогический поиск», 2009.

6. Feiman-Nemser S., Norman P. J. Teacher education: From initial preparation to continuing professional development // Moon B., Ben-Peretz M., Brown S.A. Routledge International Companion to Education. – London: Routledge, 2000. – Pp. 732–755.

7. Chiout H. Lehrerfortbildung in England, Schweden und Dänemark: Versuch eines Vergleichs // Zeitschrift für Pädagogik. – 1982. – Н. 6. – S. 911–934.



**Кембридж бағдарламасы бойынша
мұғалімдердің өзіндік тәжірибесін
жетілдіру**

Кудербаева Г.Ф.

ӘК әдіскері, ҚББ

В статье рассматривается исследовательская деятельность учителя в рамках внедрения идеи Кембриджской программы.

The ideas of Kembridge program is written in the article.

Жедел дамып отырған және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында қазіргі әлемде үздіксіз өзгерістер болып жатыр. Бұл қоғам дамуының қарқындылығы, постиндустриалдық, ақпараттық қоғамға көшу, жаңа технологиялар, қоғамның демократиялануы, адам капиталы мәнінің артуы, демографиялық өзгерістер. Әлем елдері жаңа даму сатысына көтерілуде.

Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде білім беру философиясын қайта қарау, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздеу үрдістері байқалып отыр. Оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстыру және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшу әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Білім беру саласындағы реформа әлемнің көпшілік елдерінде маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Жаңа өркениеттік талаптар көптеген елдерде жаңа «білім беру дүмпуіне», білім жүйесінің терең реформалар толқынына әкелді. Бұл АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Шығыс Еуропа елдері, Оңтүстік Шығыс Азия елдері, Оңтүстік Америка елдері және т.б. елдерде өтуде. Бұл елдерде жүргізіліп жатқан реформалар өз нәтижелерін беріп, жоғары жетістіктерге жетуде, олар тұрақты жоғары көрсеткіштер көрсетуде, табысты жұмыс істеп, тезірек жетілуде. Әлемдік білім беру жүйесі тәжірибесін зерттей келе бұл елдердің білім сапасы жоғары екенін байқадық.

PISA – (оқушылардың білім беру жетістіктерін бағалау бойынша Халықаралық бағдарлама) зерттеу мәліметтері бойынша білім беру жүйесінің әлемдік рейтингісінде Финляндия бірден бір көшбасшы ел. Мектептерде оқыту жеті жастан басталатындығына қарамастан оқушылар 15 жастарында математика және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша рейтингте жоғары позицияларды алады.


Қазіргі әлемде білім жүйесі дүние жүзі бойынша ең үздіктердің бірі болып отырған Сингапур елі сарапшылардың назарын өзіне ерекше аударып отыр. PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеу нәтижесі бойынша Сингапур тұрғындарының функционалдық сауаттылық деңгейі әлемдегі

ең жоғарғы. Сингапурлық мектеп оқушылары (TIMSS) математика және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша салыстырмалы халықаралық тестерде 1995 жылдан бастап үздік нәтиже көрсетіп келеді. 1997 жылдан бастап сингапурлық білім жүйесі білімге негізделген, ғаламдық экономика үшін жұмысшы күшін дайындауға бағытталған дамудың жаңа сатысына көтерілді.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» делінген. Сауаттылығы жоғары елге айналу үшін Қазақстанға әлем елдерінде білім саласында болып жатқан өзгерістерді зерделеп, ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге ықпал ететін тәжірибелерді енгізу керек деп ойлаймын. Бұл орайда елімізде біршама шаралар іске асып жатыр. Оларға «Балапан» бағдармасын, Назарбаев Зияткерлік мектептерін, Назарбаев Университетін, «Болашақ» бағдарламасын жатқызуға болады.

Біздің елдің білім беру жүйесін сапалы өзгерту қажеттігі «2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында» қарастырылған. Бағдарламада «Білім беруді дамыту елдің экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени көркеюіне тірек бола алатындай негіз болуы керек» делінген.

Білім беру жүйесін ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесі оқытудың 12 жылдық моделін енгізу үшін жағдайлар жасалуда. Қазақстан Үкіметі оқытудың 12 жылдық моделіне көшу бағдарламасын әзірледі. Қазақстанның 104 мектептерінде осы бағыт бойынша эксперименттік жұмыс жүргізілуде. 2015-2016 оқу жылынан бастап Қазақстанның



барлық мектептерінде 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңмен ауысу жоспарланып отыр. Электрондық «e-learning» білім беру жүйесі енгізілуде.

«Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім» дегендей жалпы білім саласының сапасы мұғалімге тікелей байланысты. Сондықтан Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында педагогикалық шеберлікті жетілдіру орталықтары Кембридж бағдарламасы бойынша мұғалімдердің деңгейлік курстарын ұйымдастырылып жатқанын білім беру саласындағы жаңалық деп қарастыруға болады. Танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың топтық, жұптық, жеке дара формаларын қолданудың әртүрлі стратегияларын қолдана отырып, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, оқуға деген оқушылардың қызығушылығын тудыра алатын бұл курстан өткен мұғалімдер мектеп өміріне өзгерістер енгізеді дегенге сенуге болады.

Деңгейлі бағдарлама барлық мұғалімдерді оқу тәжірибесін өзгерту үшін *не* істеу қажет, сонымен қатар осы өзгерістерді *қалай* енгізу керектігі туралы негізгі идеялармен таныстырады. Үшінші деңгей бағдарламасы сыныптарда көшбасшылықты оқытуға негізделген. Яғни Үшінші деңгей бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерін, дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін қоса алғанда, қалай оқу керектігі туралы білуді көздейді. Осы ойлау тәсілдері қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау үдерісінде біріктіріледі. Аталған үдеріс оқытуды жақсартудың оқушылардың топтардағы бірлескен жұмысы, диалогтік оқыту, өзара және өзін-өзі бағалау, оқыту мен оқуда АКТ-ны қолдану сияқты тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Бұған қол жеткізу үшін мұғалімдер егжей-тегжейлі стратегиялық жоспарлау жүргізеді. Осы орайда мұғалім диалогтік оқыту, қалыптастырушы бағалау, яғни оқыту үшін бағалау, сондай-ақ жиынтық бағалау, яғни оқуды бағалауды пайдаланады. Мұғалімдер сыныптағы жұмыстарын өзбетінше жоспарлап, әрқашан өз сабақтары мен орта мерзімді жоспарларының сапасын жақсартуға ұмтылады. Екінші деңгейде

мектепте оқытудағы көшбасшылықты қалай жақсартып, коучинг пен тәлімгерлік сияқты тиімді әдістерді қалай пайдалануға болатынына, сонымен қатар сыныпта іс-әрекеттегі зерттеу жүргізуге назар аударылады. Бірінші деңгей бағдарламасында мектеп базасында кеңейтілген зерттеу жүргізу арқылы не, қалай және неге тәсілдері одан әрі пысықталатын болады, сондай-ақ Бағдарламаның мазмұны мектепті дамытуды жоспарлау мен желілік қоғамдастық аясында ынтымақтастық орнату мәселелеріне бағытталады.

Педагогикалық шеберлік орталығының Кембридж университетінің бағдарламасы бойынша әзірленген мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында мұғалімдер оқу көшбасшылары деп саналады. Бұл ретте оқу көшбасшылары қолданатын тетіктер мектептің оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуге көмектеседі. Осылайша Деңгейлі бағдарлама мақсатына қол жеткізу үшін Үшінші деңгей бағдарламасы бойынша оқыған мұғалімдер өздерінің оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуге назар аударатын болса, Екінші деңгей бағдарламасы бойынша оқыған мұғалімдер коучинг пен тәлімгерліктің көмегімен өз мектептеріндегі әріптестерін оқытып, солардың тәжірибесін өзгертуге күш салады. Ал Бірінші деңгей бағдарламасы оқытуды басқару мен көшбасшылық мәселелерін көтеруге бағытталған.

Жалпы, деңгейлік бағдарлама бойынша курсты бітірген мұғалімдер енді бұрынғыша жұмыс істей алмайды. Олардың практикасында сындарлы теорияға негізделген оқыту жүзеге асырылады.

Оқушылар алған білімдерін жай ғана игеріп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне, нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, кез келген ортада өзін еркін ұстай алатын, өзіне-өзі, сыныптастарына баға бере алатын оқушыны команда мүшелерімен бірлескен тренинг, коучинг сессиялары арқылы оқыту үшін бағалау стратегияларын қолдану арқылы даярлай аламыз деп ойлаймын. Бағалауды Реформалау Тобы көрсеткендей, оқыту үшін бағалау оқушылардың оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта


даму керек және ол деңгейге қалай жету керек екенін анықтау үшін оқушылар мен мұғалімдердің қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру әдісі. Мұнда оқушылардың деректерді қолдануына баса назар аударылады. Бұл жерде мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайды. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды қолданып, өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істейді. Сөйтіп, оқушы өзінің қандай деңгейде екенін біліп, білімді өзіндік игеруге ұмтылады. Өзіне-өзі, сыныптастарына баға бере отырып, ой қорытуға, ойын қысылмай айтуға үйренеді.

Жоспарлау барысында команда мүшелерінің таңдап алған тақырыбымызды алып кете алатындай кәсіби деңгейлері жеткілікті ме, бұл өзгерістерді қалай енгіземін, мұғалімдер оқу үдерісіне өзгеріс енгізу үшін не істеулері керек деген сұрақтар туды. Біріншіден, команда мүшелерінің осы тақырыпты түсінулеріне жағдай жасалуы керек. Зерттеу кезеңінде сабаққа қатысып, бақылау барысында мұғалімдер әртүрлі стратегияларды, түрлі педагогикалық тәсілдерді: модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, дамыта оқыту, даралап, саралап оқыту және т.б. тиісінше қолданатындығы байқалған. Әйтсе де, нақты әдістер мен стратегияларды қалай және қай жағдайда қолдану қажеттігі туралы білімдері жеткіліксіз екені байқалды. Сондықтан қалай және қай жағдайда қолдану қажеттігін түсіну үшін мұғалімдерге сабақта қолданылатын 7 модульді қалай қолдану қажеттігінен бастау керек. Мұғалімдер пайдаланып жүрген стратегияларды бүкіл сыныпты оқыту мәселелеріне, топтық жұмыстарға, өзіндік жұмыстарға, әрбір оқушымен болатын кері байланысқа және жеке зерттеулерге бағыттау қажет деп ойлаймын. Топтық жұмыстың мәні ол бүкіл сыныпты оқытуға бағыттау. Сондықтан топтық жұмыста қолданылатын стратегияларды талдап, оқушыларды оқытуға қалай бағыттауға болатын әдіс-тәсілдерді қарастыруды дұрыс деп ойлаймын. Мұғалім оқу үдерісінің мәнін, жекелеген оқушыларды ынталандыру жолдарын жақсы білсе, сабақтың тиімділігі артады. Зерттеу барысында «Сынып мәдениеті туралы» сауалнама алғанда оқушылардың

басқа оқушылар тарапынан қолдауды сезінбеуі және өздері басқа оқушыларды қолдамауы анықталған. Топтық жұмысты енгізу арқылы біз оқушыларымызды ынтымақтастықты, бірлесе оқуға, өзара көмекке үйретеміз. Тапсырмаларды орындау барысында бірлескен жұмыс оқушыларға басқа адамдардың пікірін ескере отырып, қарауға мүмкіндік береді. Топта жұмыс істеу арқылы олар жаңа ақпаратты өздері игеріп, бұғанға дейінгі білімдерімен салыстырады. Осы тапсырмаларды орындау барысында құрдастарының белсенді қатысып, ақпаратты өңдеп, қорытуын талап етеді. Және әр адамның пікірі құнды, онымен танысу пайда әкеледі. Жақсы ұйымдастырылған топтық жұмыс оқушылар арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Оның үстіне оқыту үшін бағалауда білім беру стратегиялары әрбір оқушымен болатын жеке кері байланысты да жүзеге асыруы қажет. Мұғалімдердің оқу үдерісіне қатысты пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында алынған сауалнамада оқушыларға жұмыс тиімділігін арттыруға көмектесетін кері байланыс үнемі ұсынылмайтындығы көрсетілген. Ендеше оқыту үшін бағалауда кері байланысты қолданудың стратегияларын сабақта қалай пайдалануға болатынын қарастыруымыз қажет.

Мұғалімдер бұрыннан міндетті түрде сабақтың 3 мақсатын: білімділік, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарын қойып жүр. Ол мақсаттар өте ауқымды, жалпылама және нақты болмағандықтан, сабақ барысында олардың толық орындалу, орындалмауына назар аударылмады. Осы мақсаттың нәтижесі табыс критерийіне аса мән берілмей келген. Сондықтан сабақ мақсатын оқушыларға түсінікті, қысқа, нақты қоюдың мысалдарын, осы мақсаттың орындалу барысында қандай табысқа жететінін алдын ала жоспарлап үйрену қажет. Мақсатты түсінген оқушылар сабақ барысында нені біліп, нені меңгеруі қажет екенін біліп отырса, сабаққа деген ынтасы артады. Сабақта қолданылатын 7 модульді, топтық жұмысты ұйымдастыру стратегияларын, кері байланысты, сабақ мақсаты мен табыс



критерийлерін қойып үйренгеннен кейін орта мерзімді жоспарлау мұғалімдерге қалай жасау керектігін қарастыру қажет деп ойлаймын. Орта мерзімді жоспарлау немесе тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау арқылы оқытудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеудің болуын қамтамасыз етеді. Жоспарлау кезінде әрбір оқушыны сабақ барысында қамту ескеріледі. Сабақ мақсатын, табыс критерийлерін құруға оқушылардың өздері қатысса өте тиімді болар еді. Табыс критерийлеріне жету үшін қолданылатын стратегияларды оқушылар өздері таңдаса, сабақ тиімділігі артар еді. Білім алушылар өз білімін өздері бағалауды үйренсе оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмысты ұйымдастыру нәтижелі болмақ. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді талап етеді. Оқушылардың оқудағы нәтижелілігі оқуға деген эмоционалдық қатынасына да байланысты. Сауалнама нәтижесі оқушының көңіл-күйі мен сезіміне назар аударылмайтындығын көрсетті. Әрине, негізінен оқушылар сабақпен ғана шектеліп қалмайды. Әртүрлі үйірме, секцияларға жазылып, түрлі жарыс, байқауларға қатысып жатады. Осылардың нәтижесі де оқудағы жетістігіне әсер етеді. Сондықтан олардың эмоционалдық ахуалын және сыныптан тыс өмірін де мұғалімдер назардан тыс қалтырмау керек.

Білім беру жүйесінде алдыңғы қатарлы елдер сияқты біздің елімізде де мектептерде ақпараттық-коммуникациялық технология кеңінен қолданылады. Мектептер ақпараттық жаңа қондырғылармен жақсы жабдықталған. Мұғалімдер өздерінің пәндері бойынша сабақта интерактивті тақтаны қолданып, интернет жүйесін, электрондық почта, түрлі сайт материалдарын кеңінен қолданады. Электрондық оқулықтарды сабақ мазмұнына сай қолдана отырып, оқушылардың қызығушылығын тудырады. Интернет желісі арқылы болатын дистанциялық олимпиадаларға өздері, оқушылары қатысып жүр. Мектеп оқушылары мұғалім тапсырмасына сай қосымша материалдардан презентациялар жасап, оны аудио, бейне материалдармен толықтыра алады. Қаланың

35 мектебі электрондық «e-learning» білім беру жобасына енді. Әйтседе, мұғалімдер оқушылардың оқу үдерісін оңтайландырудың тиімді құралы ретінде ақпараттық менеджмент жүйелерін жетік меңгерді деп ойламаймын. Сондықтан Lesson Study әдісімен жоспарлаған сабақтарымызда АКТ қолдануды сабақтың 7 модуліне сай міндетті екеніне мұғалімдердің көзін жеткізу қажет деп ойлаймын.

Мұғалім кәсібінің табыстылығының құпиясы – үздіксіз білім алу. Мектепте мұғалімдерді оқыту ортасын әзірлеу, іске асыру және кәсіби біліктілігін жетілдіру, құзыреттілігін дамытуға арналған шаралар жоспарлануы керек. Мектеп ішінде мұғалімдер пәндік әдістемелік бірлестіктерге біріктірілген. Түрлі тақырыптардағы мектепшілік, қалалық шығармашылық топтарда жұмысқа тартылады. Өз іс-тәжірибесімен бөлісу мақсатында қалалық семинар, байқауларға, конференцияларға қатысып, шеберлік-сыныптары ұйымдастырылады. Соңғы кезде он-лайн сабақтары да беріліп жүр. Бұл дегеніміз еліміз бойынша тәжірибесімен бөлісу деген сөз. Жас мұғалімдерге тәлімгерлер тағайындалып, жас мұғалімдер мектебі жұмыс істейді. Кәсіби желілік қоғамдастық деп аталмаса да, мектеп ішінде өзара бірдей циклдегі мұғалімдер бір-бірімен, қала көлемінде пәндік бірлестіктерде, шығармашылық топтарда бірлескен жұмыстар атқарып, түрлі деңгейде семинарлар ұйымдастырылады. Семинарларда мұғалімдер өздерінің практикасында жеткен жақсы жетістіктерімен, іс-тәжірибелерімен бөліседі. Мұндай шаралар әрине, мұғалімнің кәсіби өсуіне өзіндік ықпал етеді. Әйтседе, осындай семинарларда берілетін ашық сабақтарды мұғалім өзі ғана жоспарлап, даярлап өткізеді. Бар салмақ бір мұғалімге ғана түседі және сол мұғалім ғана осы семинардың нәтижесіне жауапты болады. Мектептің объективті жағдайларын анықтау мақсатында мұғалімдер, бірлестік жетекшілері және мектеп директорының орынбасарлары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі мұғалімдердің өз әріптестерімен жұмысты бірлесе жоспарлау, талдау шараларына мүмкіндік бола бермейтіні, мұғалімдер өзінің тәжірибесін талдау жүргізуге уақытты сирек арнауы, мұғалімдердің кәсіби дамуы туралы мәселелер

назар аударарлық екендігін көрсеткен. Бұдан шығатын жол мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасалуы керек. Ол үшін аптасына бір күнді бөліп, өз әріптестерімен бірлесе жұмыс істеулеріне, шығармашылық жұмыспен айналысуға беру керек деп ойлаймын. Жапония мектептерінің білім сапасын әлемдік деңгейге жеткізген сабақты зерттеу әдісі – Lesson Study әдісі. Зерттеу барысында барлық топ мүшелері бірге және бірдей дәрежеде зерттеу үдерісіне тартылады. Тек бір мұғалім ғана сабақ беретініне қарамастан, зерттеу үшін бүкіл топ мүшелері өзіне жауапкершілікті алады және оқыту мен сабаққа берілген кез келген баға жеке мұғалімге емес, барлық топтың мүшелеріне қатысты. Сабақты команда мүшелерімен талдап, қай сыныпта өткізетінімізді, зерттелетін 3 оқушыны анықтап, олардан күтілетін нәтижені белгілеп, қысқа мерзімді жоспарды бірлесе отырып жасаймыз. Сабақ жоспарын құрғанда 7

модульды енгізе топтық жұмыс арқылы ұйымдастырып, сабақ мақсатын, одан шығатын табыс критерийіне, топта өзара бағалау, өзін-өзі бағалауға, кері байланысқа басты назар аудару қажет деп ойлаймын. Сөйтіп, мұғалімдерге зерттеу жұмысының алғы шарттары көрсетіліп, зерттеу арқылы өзіндік тәжірибелері жетілетіне көздерін жеткізуге тырысамын. «Кәсіби біліктілік пен білім жай қабылданбайды, мұғалімдер оны өз қолымен жасайды. Адамгершілік мақсатты көздейтін мұғалімдер өздерінің әріптестері мен айналасындағыларға әсер ету үшін, көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді. Олардың көңілінде үнемі талапқа сай оқыту тұрады» (Фрост, 2011) дегендей, зерттеу жүргізу ісімен шұғылдану әр мұғалімнің өз ісіне қызығушылығын тудырып, белгілі бір нәтижеге жеткенде өз ісіне сенімділігі артып, жұмысқа деген құлшынысы пайда болады деп ойлаймын.




Сущностная характеристика понятия «патриотизм»

Жагабаева Д.

магистрантка 2 курса специальности
«Педагогика и психология»
ВКГУ имени С.Аманжолова

Мақалада «жеке тұлғаның патриоттық санасы» ұғымына негіз болған көпмағыналы «патриотизм» ұғымы қарастырылады. Патриоттық құндылықтар көрсетілген, патриотизм компоненттері белгіленген, жастардың патриоттық санасының қазіргі күйіне сипаттама берілген.



The article deals with a multidimensional concept "patriotism", which is based on the concept of "patriotic personality consciousness". It represents patriotic values, highlighted components of patriotism and gives the characteristic of current patriotic consciousness state among the young people.

Воспитание патриотизма - одна из самых актуальных проблем, потому что она тесно связана с проблемой стабильности и безопасности государства.

В современном Казахстане происходят изменения в политике, экономике, социально-культурной жизни общества. Изменения в обществе влияют на процесс воспитания молодежи, следовательно, требования к патриотическому воспитанию возрастают.

Стратегическая цель нашего общества состоит в том, чтобы Казахстан развивался по пути демократического, правового, светского государства. Не случайно в Конституции страны закреплены такие основополагающие принципы, как общественное согласие, политическая стабильность, казахстанский патриотизм.

В своем послании глава государства Н.А.Назарбаев отметил: «Надо воспитывать в себе и наших детях **новый казахстанский патриотизм**. Это, прежде всего гордость за страну и ее достижения. Но сегодня, на новом этапе состоявшегося государства, такого понимания уже недостаточно. Мы должны прагматично посмотреть на этот вопрос» [1].

Несмотря на то, что разные аспекты патриотического воспитания личности в той или иной степени отражены в научно-педагогической литературе (К.Биекенова, А.Садвокасова, К.Ж. Кожахметова, С.А.Узакбаева, Т.Калдыбаева и др.), однако в высшей школе сложилось противоречие между потребностью в формировании патриотизма студентов университета как важного компонента будущей профессиональной деятельности и неразработанностью механизма его реализации и функционирования. Это актуализирует необходимость целенаправленного формирования патриотизма студентов университета.

Для того чтобы иметь объективные представления о вышеназванном процессе обратимся к определению сущности понятия «патриотизм». В словаре В.И. Даля

термин «патриот» определяется как «любитель Отечества, ревнитель о благе его, отчизнолюб, отечественник или отчизник» [2].

В настоящее время понятие «патриотизм» имеет множество определений и соответственно, разное содержание.

Профессор Чикагского университета Пол Гомберг сравнивает патриотизм с расизмом, потому что тот и другой предполагают моральные обязанности и связи человека, прежде всего с представителями «своей» общности [3].

По мнению А.Б.Халменовой, патриотизм – это процесс, направленный на формирование важнейших духовно-нравственных и культурно-исторических ценностей, отражающих специфику становления и развития нашего общества и государства, национального самосознания, образа жизни, миропонимания и судьбы казахстанских граждан. [4]

В.И. Лутовинов считает, что патриотизм как интегративное качество личности, которое включает в себе любовь к Родине и стремление к миру, внутреннюю свободу и уважение государственной власти, государственной символики, символики других стран, чувство собственного достоинства и дисциплинированность, гармоничное проявление национальных чувств и культуры межнационального общения [5].

В совокупности существующие определения понятия «патриотизм» включают в его структуру, как личностные, так и деятельностные аспекты. В других исследованиях патриотизм рассматривается как ценностная установка (К.Биекенова, А.Садвокасова), сознание (Т.Калдыбаева, Ф.Ф.Люк), мировоззрение (И.Ф.Харламов), чувство (И.С.Кон, Т.Калдыбаева, Э.Столярова), качество личности (У.Альжанова, И.Ф.Харламов). Согласно этим исследованиям патриотизмом можно считать качество личности, его мировоззрения, поведения и деятельности. Патриотизм - это

качество, выражающееся в чувствах, мотивах, и результатах деятельности, требованиях к деятельности, отношении к природе, людям, культуре и к себе. Патриотизм включает в себя заботу об интересах и исторических судьбах страны и готовность ради нее к самопожертвованию; верность родине; гордость социальными и культурными достижениями своей страны; сочувствие к страданиям народа и отрицательное отношение к социальным порокам общества; уважение к историческому прошлому родины и унаследованным от него традициям; привязанность к месту жительства, своей стране в целом.

Наше исследование направлено на воспитание патриотизма студентов, что обусловлено высоким уровнем интеллектуального потенциала и социальной активностью студенческой молодежи. По мнению С.Н.Иконникова и В.Т. Лисовского в социальной структуре общества студенчество по своему общественному положению ближе всего стоит к интеллигенции и предназначена в будущем к занятию высококвалифицированным трудом в различных отраслях науки, техники, управления, культуры [6]. Поэтому именно студенческая молодежь, ориентированная на высококвалифицированную работу в различных отраслях, обладающая высоким интеллектуальным потенциалом должна стать объектом патриотического воспитания. Как показывают данные проведенного в 2012 году исследования студентов двух вузов ВКО мировоззрение студентов вузов отличается прагматичным отношением к образованию и жизни. Так 62% студентов указали, что они при выборе специальности руководствовались критерием ее престижности и как средству достижения материальных благ и высокого социального статуса в обществе; 43% высказали свое потребительское и пассивное отношение к своей культуре, ее ценностям; 47% высказали свою приверженность западным идеалам карьеризма и социальной успешности. Однозначно оценить данные черты достаточно сложно, но также необходимо отметить, что именно в период студенчества формируется ценностно-смысловая ориентация личности.

На наш взгляд, патриотизм, являясь сложным личностным образованием, представляет собой единство и взаимосвязь следующих компонентов: мотивационного, когнитивного и деятельностного.

Мотивационный компонент в структуре патриотизма личности студента выступает в качестве механизма усвоения патриотических ценностей через эмоциональные переживания.


Когнитивный компонент в структуре патриотизма представляет собой комплекс определенных знаний и выступает в качестве предпосылки ориентации в патриотических и гражданских ценностях.

Деятельностный компонент определяет механизм формирования устойчивого поведения, выражает реальные действия по присвоению патриотических и гражданских ценностей.

Остановимся подробнее на характеристике компонентов, находящихся в структуре патриотизма.

Мотивационный компонент патриотизма предусматривает определенные чувства и интерес студентов к проблеме патриотизма и гражданственности и характеризуется наличием у студентов интереса к истории и культуре своей родины (в том числе и малой); проявлением чувства принятия своей родины; проявлением чувства гордости за успехи своей родины и народа; наличием уважительного отношения к людям, живущим рядом; проявляет творческое стремление к общественной жизни своей родины и народа; проявляет бережное отношение к национальному богатству и культуре своей страны, проявляет любовь к своей родине; проявлением чувства принадлежности и причастности (свой личный вклад) к делам страны.

Когнитивный компонент предполагает наличием знаний патриотического характера и оценивается исходя из: знаний роли и значении родного языка, языков других этносов, их значении в развитии культуры; знаний моральных норм своего народа, народов живущих по соседству; знает историю и культуру своей родины (в том числе малой); знает и осознает трудности своей родины, проявляя толерантность; знает символы своей страны.



Процессуальный компонент патриотизма предусматривает овладение студентами умениями и характеризуется наличием: развитого патриотического сознания; проявлением активной гражданской позиции; деятельностью, направленной на благо родины; сохранением природного и культурного наследия; сохранением традиций своей родины.

На наш взгляд, формирование у студенческой молодежи социально значимых патриотических качеств и ценностных установок должно осуществляется через изучение гуманитарных дисциплин, их участие в деятельности общественных организаций патриотической и военно-патриотической направленности, а также в соответствующей деятельности различного рода молодежных движений, акций, инициатив, конкретных мероприятий и т.д. Патриотическое воспитание в вузе должно проводиться масштабно, затрагивая почти все сферы жизни молодых людей.

Эти обстоятельства объективно и закономерно диктуют важность и необходимость формирования новой, а потому и специфической, специальной позиции будущего специалиста. Поэтому для современного казахстанского общества чрезвычайно важна и целесообразна подготовка специалистов, определяющая

новые подходы и тенденции научных поисков ученых теоретиков и практиков на пути к осмыслению процесса формирования казахстанского патриотизма.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», пункт 7.

2. Даль В.И. Большой толковый словарь русского языка. - М.: Издательская группа АСТ - 2010. - 815 с.

3. Paul Gomberg, "Patriotism is Like Racism" in Igor Primoratz, ed., Patriotism, Humanity Books, 2002, pp. 105-112.

4. Халменова А.Б. Педагогические условия формирования патриотических качеств личности в процессе краеведческой деятельности в общеобразовательной школе (автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук) - Шымкент, 2010. - с.12.

5. Лутовинов В.И. О патриотическом воспитании молодежи // Обозреватель. - 1997. - №3-4 - С.18-23.

6. Иконникова С.Н., Лисовский В.Т. Некоторые проблемы воспитания студенческой молодежи // Молодежь и образование. - М., 1972, с 152.





Құзыреттілік-бағдарлы білім беруде оқу мен жазуды қалыптастыру

Мухамеджанова Н.А.

«Нұрорда» халықаралық мектебі,
даярлық сынып мұғалімі

Фундаментом образования является начальная школа. Поэтому ключевым направлением в работе учителя дошкольных классов является выбор образовательной стратегии, учитывающей повышенный интерес у детей к знаниям, раскрытие возможностей каждого обучаемого. Однако на начальном этапе обучения необходимо формировать навыки грамотного письма и осознанного чтения, для поддержания интереса у детей к учению и развитию устойчивой внутренней мотивации к овладению знаниями.


The base of education is elementary school. Therefore the key direction in work of the teacher of preschool classes is the choice of the educational strategy considering keen interest at children to knowledge, disclosure of opportunities of each trainee. However at the initial stage of training it is necessary to form skills of the competent letter and conscious reading, for interest maintenance at children to the doctrine and development of steady internal motivation to mastering knowledge.

Бүгінгі таңдағы басты мәселе – бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Қоғамның әрбір даму кезеңі ең алдымен сол қоғамға сәйкес жаңа адамды қалыптастыруды көздейтіні – ешқашан маңызын жоймайтын тарихи құбылыс. Ұлы педагог М.Жұмабаев «Баланы тәрбиелі қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса өзін, асса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін қажыр-қайратымен шеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын, төрт жағы түгел адам етіп шығару. Баланы мұндай адам ету үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап жалықпай, шаршамай үйрете білуі

керек» деген болатын.

Бала мектепте жақсы оқуы үшін, оған белгілі білік пен дағдылар қажет (алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматтануын дағды деп атайды) 1. Мектепте оқуға қажетті білік, дағдылардың белгілі бір пәндерге қажет арнайы (қосу, азайту, оқу, жазу және т.б.) және кез келген сабақтарға қажетті жалпы түрлері бар. Бұл дағдылар толыққанды кейінірек қалыптасады, бірақ олардың алғы шарттарын осы мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыруды бастаған жөн. Жазуда балада денесін тік ұстау, қаламды дұрыс ұстау дағдылары қалыптасады 2.

Жазуға үйрету тек мақсатты түрде ұйымдастырылған оқыту барысында жүзеге асырылады. Жазу мен оқу дағдысын жетілдіру,



Мы с вами уже в 15-й раз!

оқу техникасын сақтау, жылдам оқу, алғашқы грамматикалық түсініктерді қалыптастыру. Көркем жазу, сыныптан тыс оқу және қарым-қатынас дағдысын дамыту. Көркем жазу сабағында байланыстырып сөйлеу мен сөздік қорын дамыту. Сөз, сөйлемдерді көшіріп жазу, үлгі бойынша жазу, жатқа жазу, мұғалімнің айтуымен жазу. Сұрақтарға жазбаша жауап жазу. Тапсырмаларды орындау. Оқу аясы – балаларға арналған (1-1,5 бет) көркем шығарма, суретті кітаптар, ертегілер. Өздігінен дауыстап, іштей, таңдап оқу, оқығанының м а з м ұ н ы н а й т у . К і т а п о қ у ғ а қызығушылықтарын арттыру жұмыстары: кітап көрмесін қалыптастыру, «Ең үздік оқырман», «Балалар кітабының білгірі» т.б. атты конкурстар өткізу.

Латын тілінен аударғанда «құзырет» дегеніміз – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі деген мағынаны білдіреді. Өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, негізгі ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды белгілі бір саладағы құзыреттілікті меңгерген деп есептеуге болады. «Құзырет» – тұлғаның белгілі бір пәндер шеберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы. «Құзыреттілік» – адамның өзінің іс-әрекет саласына сай құзыреттерді меңгеруі 3.

Пән бойынша құзыреттілік.

Оқу құзыреттілігі:

- қазақ алфавитіндегі дыбыстар мен әріптерді білу, алфавиттегі барлық әріптерді қатыстырып, сөздерді дұрыс оқу, оқығандарының мәнін түсіну;

- сөздерді буынға бөлу;

- оқу барысында мәтін мазмұнына сәйкес дауыс кідірісін, ырғағын сақтап оқу;

- сөзді тұтас оқуда буындап оқу, сөзден сөз туындату арқылы түсініп, дұрыс оқу;

- оқу жылының аяғында оқу техникасына сай 1 минутта 20-35 сөзбен таңбаны оқу;

- сөзге дыбыстық талдау, дыбыстардан сөз құрату; әріптік және әріптік дыбыстық таңбалар бойынша сөз құрау және оны оқу;

Жазу және каллиграфия құзыреттілігі:

- әріп элементтерін бас және кіші әріптерді жазу, каллиграфия нормаларын сақтап қосып жазу;

- бір және екі буынды сөзді жатқа жазу;

- айтылу мен жазылуы бірдей сөздерді жазу (2-4 сөз); сөйлемді жазу (2-3 сөйлем);

- баспа әріптерімен жазылған мәтінді көшіріп (10 сөзден кем емес) жазу;

- сөздегі дауысты және дауыссыз, қатаң және ұяң дыбыстарды айыру;

- сөйлеуден сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден әріп пен буынды, модульдік схема бойынша сөйлем құрау.

Сөйлемнің басын, кісі аттарын бас әріптен бастап жазу. Сөйлем соңында тыныс белгілерін қою (нүкте, сұрақ, леп белгілері), сөзді буынға бөліп тасымалдау.

Грамматикалық тұрғыда дұрыс сөйлеу құзыреттілігі:

- сөйлеуден сөзді, мәтіннен сөйлемді бөліп алу;

- заттың атын, сапасын, іс-әрекетін білдіретін сөздер, оларға сұрақ қою;

- сөздегі дауысты дыбыстардың санына қарай буынды анықтау; сөзді буынға бөлу;

- орфографиялық және пунктуациялық ережені білу және оны жазуда қолдану (1-сынып бағдарламасы көлемінде);

Байланыстырып сөйлеу құзыреттілігі:

- қазақ тілінің негізгі айтылым нормаларын меңгеру;

- белсенді сөздік қорында 1000 лексикалық бірлік болуы;

- айтылғанды түсіну, сұраққа жауап беру, әңгімелесуге қатысу, белгілі тақырып және оқылған мәтін бойынша суретпен, туғызылған жағдаятқа байланысты өзі туралы және өмірмен байланыстырып айту;

- белгілі тақырып бойынша диалогқа қатысу, сөйлеу этикетін сақтау;

- диалогқа құрылған көркем шығарманы мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқуға қатысу;

- оқылған мәтін және сурет бойынша, өзінің алған әсерін, оқиға желісі бойынша әңгімелеу;

- жарыстар, рөлдік ойындар, сахналауға қатысу;

- сурет бойынша өз қиялымен 4-6 сөйлемнен тұратын шығарма жазу;

- сөйлеуде бейнелі-мәнерлі құралдарды пайдалану (эпитет, салыстыру).

1-сыныпты бітірген оқушының «Сауат ашу» пәні бойынша меңгеретін білім, білік және дағдылары.

Оқу деңгейіне қойылатын талаптар:

- қазақ алфавитіндегі барлық әріптер қолданылған сөздерді дұрыс оқи алу;

- оқығанының мағынасын түсіну; оқыған кезде логикалық екпінді, кідірісті, интонацияны дұрыс сақтау;

- сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, мәтінді дұрыс түсініп және мәнерлеп оқу;

- буындап үзбей оқу және тұтас сөзбен оқу;

- мәнерлеп оқу;

- 1-жарты жылдықтың соңында минутына 10-20 сөз бен таңбаны, 2-жартыжылдықтың соңында минутына 20-30 сөз бен таңбаны буындап үзбей және тұтас сөзбен оқу.

Жазу деңгейіне қойылатын талаптар:

- баспа әріптері мен жазба әріптері туралы түсінігі болу;

- 1-жартыжылдықтың соңында мұғалімнің айтуымен 2-5 сөзді; 2-3сөзден тұратын қысқа сөйлемдерді жазу;

- сөйлемді және жалқы есімдерді бас әріптен бастап жаза білу;

- жазуда дыбыстың жуан не жіңішкелігін айыра білу;

- сөйлем соңына нүкте қоя білу;

- айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді дұрыс жаза білу;

- берілген тақырып бойынша 2-4 сөйлем құрау және оны жазу.

Байланыстырып сөйлеу тіліне қойылатын талаптар:

- әр түрлі сөйлем үлгілерін пайдалана отырып, берілген тақырып, жағдаят, сурет, оқылған мәтін бойынша сөйлей алу. Оның көлемі 8-12 айтылым (фраза) болады;

- оқыған мәтіндері бойынша қойылған сұраққа жауап бере білу;

- тенеу, эпитеттерді қолдану арқылы заттарды сипаттай алу;

- мәтін, фильмді мазмұн жүйесін сақтап айтып бере алу;

- шағын әңгімелер құрастыру;

- сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрастыру;

- әдепті сөздерді пайдаланып, берілген тақырып бойынша диалог құрастыра білу;

- көркем мәтін кейіпкерлерінің диалогтерін рөлге бөліп орындау;

- мәтін ішіндегі диалогтерді мәнерлеп оқу.

Грамматикалық дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- дауысты дыбыстарды; жуан және жіңішке дауыстыларды; қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту;

- кім? не? деген сұраққа жауап беретін сөздерді дұрыс айыра білу;

- дыбыс пен әріптің не екенін айыра білу;

- сөз бен сөйлемді айыра білу;

- дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен айыра білу;


- жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілі туралы түсінігі болу;

- сөйлемді сөйлеуден, сөзді сөйлемнен, буын мен дыбысты сөзден айыру дағдысының болуы;

- сөйлем моделін құру, дыбыстық, дыбыстық-әріптік сызбаларды құру дағдысының болуы;

- дыбыстық сызбадағы дауысты және дауыссыз дыбыстарды белгілеу дағдысының болуы;

Баланың мектепке дайындығы немесе дайын еместігі оның сөйлеу қабілетінің даму деңгейімен анықталады. Себебі, бала мектепте оқу барысында игеретін білім жүйесі ауызша және жазбаша сөйлеу арқылы жүзеге асырылады. Егер ауызша сөйлеуді ол мектепке дейін игерсе, ал жазбаша сөйлеуді алда үйренетін болады. Жазбаша сөйлеуді толыққанды үйрену үшін мектепке дейінгі кезеңде баланың ауызша сөйлеу қабілеті жоғары деңгейде дамуы қажет. Баланы оқу мен жазуға үйрету – мектептің міндеті, бірақ көптеген дағдылар мен біліктерді бала мектепке келіп, алдына оқу мен жазудың нақты мақсаты қойылғанға дейін игере алады. Сонда ғана оның мектепке келгеннен кейін оқу мен жазуды толыққанды игеруі жеңіл болады. Ал мектепке даярлау барысында игерген дағдыларын ол өзіне жаңа іс-әрекет барысында жүзеге асырады дегім келеді. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу



ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман... », – деген сөзімен қорытындылағым келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Жантану негіздері.- Алматы, 2002.-93б.
2. Стародубцева Т.П. Проблема взаимодействия семьи и детского дошкольного учреждения в формировании готовности

ребенка к школьному обучению.-Астрахань 1996г.

3. Құдайбергенова Г.С. «Құзырлылық табиғаты-тұлғаның өзіндік дамуында» әдістемелік құрал 2008ж.

4. Әмірова Ә. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен технологиясы.-Алматы, 2008.-186-188 б.



Формирование полиязыковой личности посредством углубленного изучения английского языка на занятиях курса по выбору «Биология на английском языке» в классах полиязычного обучения

Хазова Г.А.

КГУ «Средняя школа №17 имени М. Ауэзова»

Казахстан, оставаясь полиэтническим и поликонфессиональным государством, переживает на сегодня сложный и противоречивый период своего культурно-языкового развития.

Проблема применительно к языковой ситуации современного Казахстана отражена в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» [1], «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития

Казахстана»[2], где в целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

В этих условиях актуализируется проблема становления и развития

полиязычного образования. В условиях интенсивной интеграции культурных сообществ значительно трансформируется и классическая модель образования, которая при сохранении своих базовых основ начинает генерировать и осваивать новые идеи. Одно из таких новшеств проявляется в устойчивой тенденции формирования полиязычного образования, которое представляет собой действенный механизм, способствующий развитию демократического типа мышления и поведения, коммуникативных навыков и толерантности во взаимодействии социальных субъектов [4].

КГУ «Средняя школа №17 имени М. Ауэзова» акимата города Усть-Каменогорска участвует в республиканском эксперименте по переходу на трёхязычное обучение с 2004 года. В рамках реализации экспериментальной программы по переходу на трёхязычное обучение в школе введён курс по выбору «Биология на английском языке» в 7-9-х классах.

Специалистов в этой области нет, поэтому эта тяжёлая ноша легла на плечи учителей английского языка нашей школы, в частности автора данной статьи. Мною разработана авторская программа курса по выбору «Биология на английском языке» в 7-9-х классах.

Отличительные особенности программы курса:

1. Структура программы предполагает блочную подачу материала, что дает возможность в каждом новом разделе предлагать учащимся новое содержание, но освоить его можно, только опираясь на умения, которые были получены в предшествующем блоке.

2. Содержание рассчитано на расширение тематики предмета «биология», которая не изучается в базовом курсе. Предлагаемые в курсе темы будут интересны учащимся, которые связывают свою дальнейшую судьбу с профессией биолога.

3. В качестве материала по темам в программе использованы тексты современных

научно-популярных материалов по биологии.

4. С точки зрения целеполагания в данной программе акцент смещен в сторону обучения переводу научно-популярных текстов биологической тематики.

Программа содержит знания, виды деятельности, вызывающие интерес учащихся и представляющие ценность для их личностного развития и социализации в дальнейшей жизни. Таким образом, предлагаемый курс соответствует концепции, целям и задачам полиязычного обучения и позволяет реализовать его идеи на практике.

Цель программы: формирование полиязыковой личности учащихся.

Задачи программы:

формирование навыков устного общения на английском языке на основе научно-популярных текстов биологической тематики,

подготовка учащихся к участию в межкультурном общении на иностранном языке в сфере естественных наук,

развитие общей эрудиции школьников, их естественнонаучного мировоззрения и познавательных интересов,

воспитание потребности в практическом использовании английского языка в области биологии,

воспитание ответственного отношения к своему образованию и здоровью.

Ожидаемые результаты исследования:


В качестве ожидаемого результата преподавания курса по выбору «Биология на английском языке» предполагается формирование полиязыковой личности через повышение общего уровня владения английским языком.

Критериями результативности курса по выбору «Биология на английском языке» станут умения учащихся:

читать, понимать и обсуждать тексты биологической тематики,

владеть различными приемами обработки информации, содержащейся в текстах (аннотирование, реферирование),

владеть активным словарем



биологических терминов, высказываться по предложенным проблемам тематики курса.

